

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 10 маусымдағы № 252 "Темір ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 тамыздағы № 509 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 тамызда № 7348 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2022 жылғы 18 наурыздағы № 169 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 18.03.2022 № 169 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Темір аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 маусымдағы № 252 "Темір ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4387 тіркелген, 2015 жылғы 3 шілдеде "Темір" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің тақырыбы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Темір ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы";

1 тармақтың бірінші абзацы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Темір ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер,

ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдаудың келесідей түрлері көрсетілсін:".

2. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Е. БАЛБОСЫНОВ

Темір аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Избасов